

«Т.Есетов атындағы №264 мектеп – лицей» КММ директоры

Б.С. Тумурзаев



**Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға арналған жеке және топтық
сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Арнайы педагог: Қирабай Г.С

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Бұл бағдарлама 1-сынып оқушысына арналған. Оқу бағдарламасын құрастыру үшін төмендегі оқулықтар пайдаланылды.

1) Жалпы білім беретін мектептің 1 сыныбына арналған оқулық «Әліппе»,
авторлары: Ә.Е.Жұмабаева, Н.Ж.Құрман, Б.А.Сабденова, Алматы «Атамұра» 2021.

2) Жалпы білім беретін мектептің 1 сыныбына арналған оқулық «Математика»,
авторлары: Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, М.Ж.Мыңжасарова, Т.В.Лихобабенко, Алматы кітап баспасы 2021.

Бағдарлама оқу жоспарына сәйкес негізгі пәндер (әліппе, математика) бойынша бейімделіп жасалынды. Оқушының пәндер сауаттылығы бойынша игерілмеген тақырыптарын қамти отыра, қысқа мерзімге 1-тоқсанға құрастырылды.

Әліппе және математика пәндері:

1. Оқушыны зерттеу
2. Сөйлеу. Сөз / Заттарды санау
3. **Аа** дыбысы және әрпі / Заттар тобын салыстыр
4. **Рр** дыбысы және әрпі / 1 саны және цифры
5. **Лл** дыбысы және әрпі / 2 саны және цифры. 2 санының құрамы
6. **Уу** дыбысы және әрпі / 3 саны және цифры. 3 санының құрамы
7. **Нн** дыбысы және әрпі / 0 саны және цифры. 1-ден 10-ға дейінгі сандар және олардың құрамы.

Күтілетін нәтиже:

1. Коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдануды үйренеді;
2. 10 көлемінде тура және кері санауға машықтанады;
3. 1-ден 10-ға дейінгі сандар және олардың құрамын біледі
3. Әріптерді таниды
4. Көркем жазуға дағдыланады;

Жоғарыда көрсетілген тақырыптар 16 сағатқа, аптасына 2 рет қойылды.

1-сынып оқушыларына арналған (кіші топтық) қысқа мерзімді күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Пәні: Әліппе және математика
Барлығы: 16 сағат, аптасына: 2 сағат.

Арнайы педагог: Қирабай Г.С

№	Бөлім/ Ауыспалы тақырыптар	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	Педагогикалық диагностика	Оқушыны зерттеу	Оқу, жазу, математикалық сауаттылығын зерттеуге арналған тапсырмалар	2	02-13.09.2024	
2	Педагогикалық диагностика	Оқушыны зерттеу	Оқу, жазу, математикалық сауаттылығын зерттеуге арналған тапсырмалар	2	02-13.09.2024	
3	Әліппеге дейінгі кезең/ Сандар мен цифрлар	Сөйлеу. Сөз /Заттарды санау	1) коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану; сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын «оқу»; 2) жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу 3) натурал сандардың құрылу жолын түсіну, 10 көлемінде тура және кері санау.	2		
4	Әліппе кезеңі/ Сандар мен цифрлар	Аа дыбысы және әрпі / Заттар тобын салыстыр	1) көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 2) сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын «оқу»; 3) жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу 4) сандардың қосындысы мен айырмасын/сандарды салыстыру 5) (артық/кем), көршілес сандарды, сандық аралықтарды, сандар қатарын көрсету үшін сан сәулесін қолдану; 6) «+», «-», «=», «≠», «>», «<» таңбаларын қолдану.	2		

5	Өліппе кезеңі/ Сандар мен цифрлар	Рр дыбысы және әрпі /1 саны және цифры	1)заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 2)дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырату; 3)жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу 4)натурал сандар құрылу жолын түсіну, 10 көлемінде тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау; 5)цифрды саннан ажырату, көрнекі түрде бір таңбалы сандарды түрлі тәсілдермен: нүктелер жиынтығымен, таяқшалармен және сан сәулесінде көрсету	2		
6	Өліппе кезеңі/ Сандар мен цифрлар	Лл дыбысы және әрпі /2 саны және цифры. 2 санының құрамы	1)заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 2)дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырату; 3)жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу 4) біртаңбалы сандардың құрамын анықтау 5)1 санының қасиетін қолдану	2		
7	Өліппе кезеңі/ Сандар мен цифрлар	Уу дыбысы және әрпі /3 саны және цифры. 3 санының құрамы	1)сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 2)дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырату; 3)жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу 4)біртаңбалы сандарды және 10 санын оқу, жазу және салыстыру; 5)біртаңбалы сандардың құрамын анықтау;	2		

8	Әліппе кезеңі/ Сандар мен цифрлар	Нн дыбысы және әрпі /0 саны және цифры. 1-ден 10-ға дейінгі сандар және олардың құрамы.	1)заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 2)дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; 3)сандардың элементтерін жазу 4)0-дің қасиетін қолдану 5)біртаңбалы сандарды және 10 санын оқу, жазу және салыстыру;	2		
---	--------------------------------------	---	--	---	--	--

Түсінік хат

Бұл бағдарлама 2-сынып оқушысына арналған. Оқушы бастауыш сыныптың оқу бағдарламасын игере алмағаны үшін, оған төмендегі 2-сыныптың оқулықтары пайдаланылды.

- 1) Қазақ тілі (2 сынып) : Алматы «Атамұра» баспасы 2022 жыл
Авторлары: Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас,
- 2) Математика(2 сынып): Алматы «Атамұра» баспасы 2022 жыл
Авторлары:Т.Қ. Оспанов, Ж.Қ. Астамбаева, Н.О. Мергенбаева

Бағдарлама оқу жоспарына сәйкес негізгі пәндер (қазақ тілі,математика) бойынша бейімделіп жасалынды Оқушының пәндер сауаттылығы бойынша игерілмеген тақырыптарын қамти отыра, қысқа мерзімге 1-тоқсанға құрастырылды.

Қазақ тілі және математика

- **Педагогикалық диагностика**
- Тіл және сөйлеу. Сөйлеу дегеніміз не?/ Көбейту және бөлу амалдары
- Ауызша және жазбаша сөйлеу/ Бір таңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу
- Диалог. Монолог/ Бір таңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу
- Мәтін дегеніміз не?/ Екі таңбалы сандардың құрылуы. Ондықтармен санау
- Мәтіннің құрылымдық бөліктері/ Екі таңбалы сандарды оқу және жазу
- Мәтін және оның түрлері/ Екі таңбалы сандарды салыстыру

Күтілетін нәтиже:

1. Мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді
2. Бір таңбалы сандарды ондықтан аттамай қосуды түсінеді
3. Екі таңбалы сандардың құрылуын біледі
4. Мәтін түрлерін(әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтауды үйренеді
5. 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсінеді;

Жоғарыда көрсетілген тақырыптар 8 сағатқа, аптасына 1 рет қойылды.

2-сынып оқушысына арналған қысқа мерзімді күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Пәні: Қазақ тілі және математика

Арнайы педагог: Қирабай Г.

Барлығы: 8 сағат, аптасына: 1 сағат.

№	Бөлім/ Ауыспалы тақырыптар	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I-тоқсан						
1	Педагогикалық диагностика	Баланы зерттеу	Оқу, жазу, математикалық сауаттылығын зерттеу	2		
2	Өзім туралы/ Математикалық тіл	Тіл және сөйлеу. Сөйлеу дегеніміз не?/ Көбейту және бөлу амалдары	1) тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру 2) көбейту және бөлу амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	1		
3	Өзім туралы/ Сандармен амалдар орындау	Ауызша және жазбаша сөйлеу/ Бір таңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу	1) интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту 2) бір таңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу кестесін құру, білу және қолдану;	1		
4	Өзім туралы/ Сандармен амалдар орындау	Диалог. Монолог/ Бір таңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу	1) тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін атау, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру 2) ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды/ 20 көлеміндегі біртаңбалы мен екітаңбалы сандарды/ ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындау	1		
5	Менің мектебім/ Екі таңбалы сандар	Мәтін дегеніміз не?/ Екі таңбалы сандардың құрылуы. Ондықтармен санау	1. Сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу 2. 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну,	1		

			3.100 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау.			
6	Менің мектебім/ Екі таңбалы сандар	Мәтіннің құрылымдық бөліктері/ Екі таңбалы сандарды оқу және жазу	1.Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін(әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау 2.100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну,100 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау. 3.Екі таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру.	1		
7	Менің мектебім/ Екі таңбалы сандар	Мәтін және оның түрлері/ Екі таңбалы сандарды салыстыру	1.Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау 2.Сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу 3.Екі таңбалы сандарды оқу,жазу және салыстыру	1		

